




## Қазақстан экономикасына қысқаша шолу

## Негізгі түйіндер

## Қысқа мерзімді экономикалық индикатордың өсуі

Қысқа мерзімді экономикалық индикатор өткен айда шамалы бәсеңдетуден кейін 5.8%-ға дейін өсті. ҚЭИ-ға кіретін экономиканың базалық салалары көрсеткіштің негізгі өсім драйверлері болды.

Аймақтық бөліністегі индикатордың ең көп өсуі Атырау аймағында белгіленген (қаңтар-тамыз аралығында өсу қарқыны 20,2%-ді құрды). Аймақта индикатордың өсуіне ең көп үлес қосқан өнеркәсіп пен сауда салалары болды.



\*-индикатор экономиканың даму үрдісін сипаттайды және шығару индексінің мынадай базалық салалар бойынша өзгеруіне негізделді: ауылшаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, көлік және байланыс. Осы салалардың ІЖӨ-дегі үлесі 63-64%-ды құрайды.

## 1. Макроэкономикалық индикаторлар

## 1.1. Негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер

т/б №	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2017ж. қаңтар-тамыз	2017ж. тамыз	% -бен		2017ж. тамыз 2017ж. шілдесіне
					2016ж. қаңтар-тамызына	2016ж. тамызына	
А		Б	1	2	3	4	5
1	<b>ІЖӨ (2017ж. 1 жартыжылдығы үшін алдын-ала деректері)</b>	млрд. теңге	<b>20 935.8</b>		<b>104,2</b>		
2	Өнеркәсіп	млрд. теңге	14 184.5	1 840.2	108.5	114.4	100.3
3	Ауылшаруашылығы	млрд. теңге	1 614.9	434.7	101.9	99.9	148.2
4	Құрылыс	млрд. теңге	1 823.9	325.2	100.1	97.3	93.8
5	Көлік (жүк айналымы)	млрд. т.км.	353.9	48.9	108.1	111.6	102.4
6	Байланыс	млрд. теңге	457.3	60.0	102.9	104.5	101.7
7	Сауда (бөлшек тауар айналымы)	млрд. теңге	5 480.3	806.1	106.3	105.4	102.0
8	Негізгі капиталға инвестициялар	млрд. теңге	4 802.1	752.2	103.4	105.3	97.9
9	Тұтыну бағасының индексі (ТБИ)	%			107.5	107.0	100.1
10	Жұмыссыздық деңгейі (бағалау)	%		4.9			
11	Орташа айлық номиналды жалақы	мың теңге	142.7	148.0	102.8	105.7	99.4
12	Нақты жалақы индексі**	%			95.6	98.8	99.3

## Бір айға кешігумен қалыптастырылатын көрсеткіштер

№пп	Макроэкономикалық көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	2017ж. қаңтар-шілде	2017ж. шілде	% -бен		2017ж. шілде % -бен 2017ж. маусымына
					2016ж. қаңтар-шілдесіне	2016ж. шілдесіне	
А		Б	1	2	3	4	5
1	Сыртқы сауда айналымы	млн. долл. США	42.9	6.2	129.2	122.1	92.2
1.1.	- экспорт	млн. долл. США	26.9	3.2	135.3	119.7	91.8
1.2.	- импорт	млн. долл. США	16.0	2.4	120.1	126.0	92.7
2	Орташа жан басына шаққандағы ном. ақшалай кіріс**	мың теңге	75.6***	77.3	104.0	103.5	101.8

**Ескерту:** Шолуды дайындау барысында Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (ҰЭМСК), ҚР Ұлттық Банкінің, ТМД Статкомитетінің, Еуростаттың, Қытай Ұлттық статистика бюросының деректері пайдаланылды. СК оларды нақтылауға, қайта санауға орай серпінді бірқатар деректерде өзгерістердің болуы ықтимал.

Қабылданған қысқартулар: ІЖӨ - жалпы ішкі өнім, ТМД - Тәуелсіз Мемлекеттер достастығы, НКИ - нақты көлем индексі,

ТБИ - тұтыну бағасының индексі

\*\* - бағалау

\*\*\*- айдың орташа есебі бойынша



## 1.2. Экономикадағы оң және теріс өзгерістер

2017ж. қаңтар-тамызында өнеркәсіп, сауда, көлік пен байланыс салаларында ең көп өсу серпіні белгіленді. Сыртқы сауда айналымында, құрылыста және ауылшаруашылықта өсу қарқыны баяулады. Жылдық инфляция дәліздің шегінде болды.

## Оң үдерістер

№пп	2017ж. қаңтар-тамыз %-бен 2016ж. қаңтар-тамызына	Факторлар	Анықтама үшін: 2017ж. қаңтар-шілде %-бен 2015ж. қаңтар-шілдесіне
1. ІЖӨ (2017ж. 1 жартыжылдығы үшін алдын-ала деректері)	104.2	экономиканың барлық салаларының өсуі, сумен жабдықтауды қоспағанда	
2. Өнеркәсіп	108.5	саланың соңғы 6 жылдың ішінде ең көп өсуі	108.5
3. Тау-кен өндіру саласы	111.3	шикі мұнай, көмір мен лигнит, металл кендері өндірудің өсуі	109.5
4. Өңдеу саласы	106.1	металлургия өнеркәсібі, тамақ өнімдері, кокс және мұнай өнімдері өндірудегі көлемдердің ұлғаюуы	106.3
5. Ауылшаруашылығы	101.9	мал шаруашылығындағы жалпы өнім шығарудың көлемі ұлғаюуда, ал өсімдік шаруашылығы кері төмендеуде	102.7
6. Құрылыс	100.1	құрылыс жұмыстарының көлемі Атырау, Алматы обласы және Манғыстау аймақтарында шамалы төмендеді	100.7
7. Көлік (жүк айналымы)	108.1	жүк айналымның тұтастай өсуі, теңіз көліктің жүк айналымын қоспағанда	107.6
8. Негізгі капиталға инвестициялар	130.4	тау кен өндіру, сауда және көлік салаларында инвестициялардың ең көп өсумен белгіленді	103.2
9. Байланыс	102.9	желілік қызмет көрсету және мобильді интернет саланың өсуіне едәуір үлес қосты	102.7
10. Сауда (бөлшек тауар айналымы)	106.3	саудамен айналысатын кәсіпорындардың және дара кәсіпорындардың бөлшек саудадағы көлемдердің ұлғаюуы	106.4
11. Инфляция	107.5	барлық азық-түлік тауарлар топтарына және қызметтерге бағалар баяулады	107.6
12. Сыртқы сауда айналымы**	129.2	экспорттың өсуі баяулады	130.5
12-1. Сыртқы сауда айналымы: экспорт**	135.3	отын-энергетикалық тауарлар, металдар мен металдардан жасалған бұйымдар бойынша экспорттық түсімдердің өсуі	138.3
12-2. Сыртқы сауда айналымы: импорт**	120.1	барлық негізгі тауар топтары бойынша импорттың өсуі	119.0

\*\*Сыртқы сауда айналымының көрсеткіштері: экспорт пен импорт көлемдері бір айға кешіктіріліп қалыптастырылады. Осыған байланысты, кестедегі деректер 2017ж. қаңтар-шілдесі 2016ж. қаңтар-шілдесіне %-бен сол жақ бағанда, ал 2017ж. қаңтар-маусымы 2016ж. қаңтар-маусымына %-бен оң жақ бағанда келтірілген



## Ішкі жалпы өнім

## 1.3. ІЖӨ өндіріс әдісімен


2017 жылдың басынан ІЖӨ 4,2%-ға дейін өсті (алдын-ала деректер бойынша)

ҚР ҰЭМ СК алдын-ала деректері бойынша ІӨЖ-ң өндірілген көлемдері 2017ж. қаңтар-шілдесінде 20.9 трлн.теңге болып, 2016 жылғы тиісті кезеңмен салыстырғанда нақты көрсеткіште 4.2%-ға дейін ұлғайды.

Экономиканың өсуіне тауарлардың көлемдері 7.2%-ға және қызметтердің 2.3%-ға ұлғаюы оң әсерін тигізді.

Өнімге салықтар 5.1%-ға өсті.

Тауарлар өндіру мен қызметтер өндірудің ІЖӨ-дегі үлесі тиісінше, 36.5% және 56.3% болды.




2017ж.1-жартыжылдығы бойынша тау-кен өндіру (9.4%-ға өсуі) мен өңдеу өнеркәсібі (6.5%-ға өсуі), көтерме және бөлшек сауда (2.4%-ға өсуі), көлік және қоймаға салу (3.9%-ға өсуі), жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар (2.1%-ға өсуі) ІЖӨ-нің өсуіне оң үлесін қосты

## 1.4. ІЖӨ түпкілікті пайдалану әдісімен

2017 ж. 1-тоқсанда түпкілікті пайдалану әдісімен есептелген ІЖӨ мөлшері 10.1 трлн.теңге болып, нақты көрсеткіште 3.1% құрды.

ІЖӨ құрамындағы түпкілікті тұтыну шығыстары 1,7%-ға өсті, жалпы жинақтау 2,5%-ға ұлғайды.

Тауарлар мен қызметтер экспорты 4,8%-ға, ал импорт 9,8%-ға төмендеді.




## 1.5. ТМД елдеріндегі ІЖӨ

2017ж.2 тоқсаны бойынша экономиканың едәуір өсуі Қырғыстанда мен Өзбекістанда белгіленген

Өзбекстан ІЖӨ-нің өсуі бойынша көшбасшы 2017ж.1 тоқсанында 2016ж. салыстырғанда ТМД-ң кейбір елдерінде ІЖӨ-нің өсуі бәсеңдетілді (Армения, Қырғыстан, Молдова, Тәжікістан, Өзбекістан мен Украинада).

Экономика өсудің жылдамдатылуы Қазақстанда, Ресейде және Беларусияда байқалуда.

Әзірбайжанның ІЖӨ бұрынғысынша теріс аймақта болуда.





## 1.6. Негізгі ықпал ету факторлары


**Мұнайдың бағасы**

2017ж. тамызында 2016ж. тамызбен салыстырғанда Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы әлемдік тауар биржаларында 11.4%-ға өсіп, бір баррель үшін 51,4\$ болды\*.

**Мұнайдың бағасы және өндіріс көлемдері**

2017ж. тамыз айында сыртқы сұраныстың қалпына келуіне, шикізатқа әлемдік бағалардың өсуіне байланысты шикі мұнай өндірудің көлемдері айтарлықтай өсті, тамыз айы бойынша 12.2%-ға дейін өсті.

2017ж. тамыз айында шикі мұнайды өндірудің табиғи түрдегі көрсеткіштері 5 909.4мың тоннаға өсті, ал жылдың басынан 48,0 млн.тоннаға жетті. Мұнайды өндіруші кәсіпорындардың бағалары тамыз айында 4.7%-ға өсті.

\* - <http://econ.worldbank.org>\*\* - <http://stat.gov.kz>: 2017ж. сәуірдегі өнеркәсіп жұмысының негізгі көрсеткіштері

\*\*\* - ҰЭМ СК деректері бойынша энергия ресурстарын өндіруші кәсіпорындардың бағалары

**Сыртқы сұраныс**

Қазақстандық экспорттың басым бөлігі Еуроодақ елдеріне (2017ж. қаңтар-шілдесінде ЕО-қа бағытталған экспорттың үлесі 52.1% болды), Қытайға (11,9%) және Ресейге (9,5%) жеткізілетіндіктен, Қазақстанның сыртқы саудасының көлемі осы елдердің экономикаларындағы ахуалына біршама тәуелді. 2017ж. 2 тоқсанында ЕО ІЖӨ (28) 2.2%-ға өсті, Қытайда ІЖӨ 6,9% болды, ал Ресейде алды-ала мәлімет бойынша 2,5%-ға өсті.


**Сыртқы сауда айналымы****2017ж. шілде айы**

2017ж. қаңтар-шілдесінде сыртқы сауда айналымы 29,2%-ға өсті (экспорт 35,3%-ға, импорт - 20,1%-ға өсті).

Бұрынғысынша экспорттың құрылымында минералды өнімдер басты орын алуда (үлесі 68,7%). Минералды өнімдердің 2016ж. шілде айымен салыстырғанда 43,2%-ға өсті. Сонымен қатар металдар және олардан жасалған бұйымдардың (жалпы экспорттың көлемінде 18,4% құрады) экспорты 46,6%-ға өсті.

Химиялық өнімдердің экспорты 14,2%-ға (жалпы экспортта үлесі 4,9% тең), машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар және аппараттар 14,1%-ға дейін төмендеді (үлесі 1,2%).

Импорт бойынша барлық негізгі тауарлардың топтары ұлғайды. Импорттың өсуіне барынша машиналар, жабдықтар, көлік құралдары, аспаптар мен аппараттар (18,9%-ға өскен), отын-энергетикалық өнімдер (50,8%-ға өскен), сонымен қатар химиялық өнімдер (51%-ға өсті) елеулі үлес қосты.


**Экономикадағы ақша ұсынысы****Кредиттеу\***

2017ж. тамызында 2016ж. тиісті кезеңмен салыстырғанда нақты секторды кредиттеудің ахуалы шамалы жақсартылды.

2017ж. тамызында кредиттеудің жалпы көлемдері 13.0 трлн.тг. құрды, 2016ж. сәйкес кезеңмен салыстырғанда 2,9%-ға дейін ұлғайды (жылдың басынан 2,6%-ға өсті).

Жылдық көрсеткіште экономикаға берілген кредиттердің ең көп өсімі өңдеу саласында, ауыл шаруашылығында, "өзге де" саласында (өндірістік емес сала, жеке қызмет) және көлік салаларында байқалды.

Құрылыс, байланыс пен сауда салалар бойынша төмендеу байқалды.



\*\* - өндірістік емес сала, жеке қызмет

\*-кезең соңындағы ҚРҰБ деректері бойынша




## 2. Экономиканың негізгі салаларындағы НКІ

## Тауарлар өндірісі

## 2.1. Өнеркәсіп


## Саласының жылдың басынан тұрақты өсуі

Жылдың басынан өнеркәсіп саласы тұрақты өсуді көрсетуде, сондай-ақ 2017ж. қаңтар-тамызда сала 8,5%-ға өсті. 2016ж. өнеркәсіптің нақты көлем индексі тиісті кезеңінде теріс аймақта (-2,3%) болды. Өнеркәсіп тау-кен мен өңдеу өнеркәсібінде өндіріс көлемінің артуы, шикізатқа әлемдік бағаның жоғары болуы және салыстырудың төменгі базасы есебінен өсіп келеді.




## Тау-кен өндіруде ұзақ уақыт бойы өң үлкен өсу

2017ж. басынан бастап сыртқы сұраныстың артуы аясында тау-кен өнеркәсібінде шикі мұнай (12,2%), метал кендері (10,8%-ға) және түсті металдар кендері (11,4%-ға) өндірудің өсуі байқалады. Нәтижесінде, жыл басынан бері тау-кен өнеркәсібі 11,3%-ға өсті.



## Өндіріс көлемдерінің тұрақты өсуі


2017ж. қаңтар-тамызда өңдеу өнеркәсібінде металлургия өнеркәсібі өндіріс көлемдері 7,6%-ға (үлесі - 40,5%), азық-түлік өнімдері 5,8%-ға (үлесі - 17,0%), кокс және мұнай өңдеу өнімдері 6,3%-ға (үлесі - 7,4%) өсуі байқалды. Әсіресе машина жасау саласы ұзақ созылған рецессиядан кейін (жыл басынан бері өсуі 6,3%-ды құрған) бұрынғы қалпына келуін бөлу қажет. Осылай, өңдеу өнеркәсібі қаңтар-шілде айларында 6,1%-ға өсті.



## 2.2. Құрылыс

## Екінші ай қатарынан өсу қарқынының бәсеңдеуі

2017ж. басынан бері құрылыс жұмыстарының өсу қарқыны айтарлықтай баяулады, ол 0,1%-ға өсті (2016ж. қаңтар-тамызда - 6,7%-ға өсті). Құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі көптеген өңірлерде (құрылыстағы үлесі 87,7%) төмендеді. Жалпы, жыл басынан бері 1,8%-ға төмендеді. Күрделі жөндеу жұмыстары (құрылыстағы үлесі 6,8%) және ағымдағы жөндеу (үлесі 5,5%), керісінше, өсім көрсетті 17,5%-ға және 13,4%-ға, сәйкесінше. Тұрғын үйді іске қосу көлемінің индексі өткен жылдың тиісті айымен салыстырғанда 10,6%-ға өсті.






### 2.3. Ауыл шаруашылығы

#### Мал шаруашылығының тұрақты өсуі

Жыл басынан бері ауыл шаруашылығы өнімдерінің (қызметтер) жалпы өнімі тұрақты өсіп жатыр, қаңтар-тамызда өсу 1,9%-ды құрады. Өндірістің өсуі мал шаруашылығындағы өнімнің көлемі 3,2%-ға (мал мен құсты тірі салмақта сою көлемінің 4,9%-ға ұлғаюы, шікі сиыр сүтін сауудың 2,8%-ға және тауық жұмыртқалардың саны 4,0%-ға ұлғаюы), ал өсімдік шаруашылығы өнімінің көлемі 1,1%-ға азайғаны байқалды. Ауыл шаруашылығының жалпы өніміндегі малдың айтарлықтай үлесі Алматы (15,7%) және Шығыс Қазақстан (14,1%) облыстарына тиесілі. Өсімдік шаруашылығында - Оңтүстік Қазақстан (22,6%) және Алматы (21,6%) облыстары тиесілі.




### Қызметтер өндіру

#### 2.4. Бөлшек сауда

#### Жыл басынан бері барынша өсу


2017ж. қаңтар-тамызда бөлшек тауар айналымы 6,3%-ға, көтерме сауда 1,3%-ға өсті. Сұраныстың ұлғаю аясында, халықтың номиналды ақшалай кірісінің көбейуіне байланысты сауда кәсіпорындарының тауарларды сату көлемі өсті (10,6%-ға өсуі). Тамақ өнімдерін өткізу көлемі 2016ж. тиісті кезеңмен салыстырғанда 7,3% -ға, ал азық-түлік емес тауарларға - 5,5%-ға өсті. Көтерме тауар айналымының құрылымында 2016ж. тиісті кезеңмен салыстырғанда азық-түлік емес тауарлар мен өнеркәсіптік және техникалық мақсаттағы тауарлар өсуді көрсетті (3,5%-ға), ал азық-түлік тауарлары бойынша 7,1%-ға төмендеді.



#### 2.5. Көлік (жүк айналымы)

#### Өсудің жоғары қарқыны


2017ж. қаңтар-тамызда көліктегі жүк айналымының көлемі 8,1%-ға өсті. Өсуге темір жол көлігіндегі жүк айналымының 12%-ға (үлесі - 47,3) және құбыр желісінің жүк айналымы 11,4%-ға (үлесі - 24,2%), автокөлікпен 0,1%-ға (үлесі - 28,2%) ұлғаюы себеп болды, ал теңіз көлігімен жүк тасымалдауы азайды. Барлық көлік түрлерімен жүк тасымалдау 3,9%-ға өсті. Атырау (7,2%-ға) және Қарағанды (8,3%-ға) облыстарында тасымалдау деңгейінің айтарлықтай өсуі байқалды.



#### 2.6. Байланыс

#### Жыл басынан бері байланыс қызметтерінің тұрақты өсуі

Жыл басынан бері байланыс қызметтері 2,9% -ға өсті (2016ж. тиісті кезеңінде сала теріс аймақта болды - 3,5%). Өнеркәсіптің негізгі ұлғаю себепі Интернет-желісі болып табылады (жыл басынан бері өсу 12,8%), сондай-ақ ұялы байланыс қызметтері (0,9%-ға өсу). Желінің байланыс қызметтерінің жалпы көлемінде Интернеттің үлесі - 32,8%, ұялы байланыстың үлесі - 31,5%.






## 3. Инфляция

## 3.1. Тұтыну бағаларының индексі

## Инфляцияның өсу бәсеңдеуі

2017ж. қаңтар-тамызда 2016ж. тиісті кезеңіне қатысты инфляция 7,5%-ды құрап бәсеңдеді. Айлық инфляция 0,1%-ды құрды (2017ж. шілдеде - 0,1%).

2017ж. тамызда өткен айға қатысты азық-түлік тауарлардың бағасы 0,9%-ға төмендеді, ал ақылы қызметтерге және азық-түлік емес тауарларға 0,7%-ға өсті.



## 4. Инвестициялар


## 4.1. Негізгі капиталға инвестициялар

## Инвестициялар өсудің оң қарқыны

2017ж. қаңтар-тамызда инвестициялар 3,4%-ға ұлғайды (2017ж. қаңтар-шілде - 3,2%-ға өсу).

Кәсіпорындардың негізгі капиталды қаржыландырудың негізгі көзі меншікті қаражаты есебінен болып табылады, олардың үлесі 68,2% құрады.

Пайдалану тұрғысында негізгі капиталға салынған инвестициялардың басым бөлігі тау-кен өндіру саласы (үлесі - 37,2%), көлік және қоймалау (үлесі - 14,3%) және де жылжымайтын мүлікпен операциялар (үлесі - 12,2%) болып табылады.




## 5. Еңбек нарығы

## 5.1. Жұмыспен қамту және жұмыссыздық

## Жұмыссыздықтың төмендеуі

2017ж. тамызда 2016ж. тамызымен салыстырғанда экономикада жұмыспен қамтылғандардың саны 0,9%-ға азайды. Тіркелген жұмыссыздар саны 1,6%-ға азайды.

Жұмыссыздық 4,9%\*-ды құрды.



## 5.2. Жалақы және халықтың кірістері

## Халықтың нақты ақшалай кірістері төмендеді

2017ж. қаңтар-тамызда орташа айлық номиналды жалақы 2,8%-ға өсті.

Нақты жалақы 2017ж. тамызда 4,4%-ға төмендеді.

Нақты ақшалай кіріс (бір айға кешігумен қалыптастырылатын бағалау көрсеткіші) 2017ж. шілдеде 5,4%-ға қысқарды.



\* - жұмыспен қамтудың жаңа стандарттары ескерілген бағалау деректері